

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 528 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-құжат; 2006 ж., N 18, 168-құжат; 2007 ж., N 43, 496-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі" деген 5-бөлімде:

"Орта білім беру" деген кіші бөлімде:

бесінші абзацтағы "2008 - 2009 оқу жылы" деген сөздер "2010 - 2011 оқу жылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Техникалық және кәсіптік білім беру" деген кіші бөлімде:

екінші абзацтағы "түрлері" деген сөз "бағыттары" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші абзац "деңгейіне байланысты" деген сөздерден кейін "және тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады" деген сөздермен толықтырылсын;

"Орта білімнен кейінгі білім беру" деген кіші бөлімде:

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жоғары оқу орындары бакалавриатының" деген сөздер "жоғары білім берудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үйлестіруді" деген сөз "интеграциялауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі" деген кіші бөлімде: он бесінші абзацтағы "жоғары оқу орындарын институционалдық аккредиттеуді және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын" деген сөздер "институционалдық және мамандандырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары" деген 7 - б ө л і м д е :

"Екінші кезең (2008 - 2010 жылдар)" деген кіші бөлімде: он үшінші абзацтағы "институционалдық бағаны және шетелдік жетекші аккредиттеу агенттіктерінің талаптары деңгейінде кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын" деген сөздер "шетелдік жетекші аккредиттеу агенттіктерінің талаптары деңгейінде институционалдық және мамандандырылған" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*